

**Мақтаарал ауданының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы**

Түркістан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 285 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 6 мамырда № 6186 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағы және "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 3 бабының 7 тармағына және 6 бабының 2 тармағына сәйкес, Мақтаарал ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мақтаарал ауданының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 8 тамыздағы № 518 "Мақтаарал ауданының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5163 тіркелген, 2019 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Мақтаарал ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оны ресми жарияланғаннан кейін Мақтаарал ауданы әкімдігі интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Туребековке жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Б. Асанов*

"КЕЛІСІЛДІ"

"Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары

басқармасы" басшысы

Р.Ибрагимов

" " 2021 жыл

Мақтаарал ауданы әкімдігінің  
"6" мамырдағы 2021 жылғы № 285  
қаулысына № 1 қосымша

**Мақтаарал ауданының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері**

№ р/с	Автомобиль жолдарының индексі	Автомобиль жолдарының атауы	Автомобиль жолдарының мекен-жайы, шақырым	Жалпы ұзындығы, шақырым
1	2	3	4	5
1	KXMR-1	"А-15 Атакент"-КАЗ ССР 40 жылдығы-Елқоныс-Амангелді	0-5,330	5,330
2	KXMR-2	"А-15 Атакент"-Жұлдыз ауылына кіре беріс	0-2,500	2,500
3	KXMR-3	KXMR-2-Еңбекші ауылына кіре беріс	0-0,750	0,750
4	KXMR-4	KX-76-Береке ауылына кіре беріс	0-0,500	0,500
5	KXMR-5	"А-15 Атакент"-Игілік ауылына кіре беріс	0-0,710	0,710
6	KXMR-5	"А-15 Атакент"-Игілік ауылына кіре беріс (жалғасы)	0-0,700	0,700
7	KXMR-6	KX-78-Жалын ауылына кіре беріс	0-0,600	0,600
8	KXMR-7	"А-15 Гүлістан"- Алғабас - Еркінабад	0-3,700	3,700
9	KXMR-8	"М-39 Ташкент-Термез"-Еркінабад ауылына кіре беріс	0-0,970	0,970
10	KXMR-9	KX-77-Нұрлытаң ауылына кіре беріс "А-15 Гүлістан"	0-4,030	4,030
11	KXMR-10	KX-77-Шұғыла ауылына кіре беріс	0-1,980	1,980
12	KXMR-11	"А-15 Гүлістан"-Жаңа тұрмыс ауылына кіре беріс	0-0,600	0,600
13	KXMR-12	К X - 7 7 - Жайлыбаев-Қызылкүншығыс	0-1,060	1,060
14	KXMR-13	KX-100-Азамат ауылына кіре беріс	0-3,400	3,400
15	KXMR-14	"А-15 Гүлістан" Наурыз ауылына кіре беріс	0-2,920	2,920
16	KXMR-15	"М-39 Ташкент-Термез"- Нұрлыжол ауылына кіре беріс	0-1,190	1,190
17	KXMR-16	KX-77-Жеңіс-Сардаба-KX-77	0-1,360	1,360
18	KXMR-17	KX-77-Жеңіс ауылына кіре беріс	0-0,560	0,560
19	KXMR-18	KX-100-Қарақыр-МТФ	0-5,200	5,200

20	KXMR-19	KXMR-18-Өркен ауылына кіре беріс	0-1,770	1,770
21	KXMR-20	KX-19-Төрткүл ауылына кіре беріс	0-2,630	2,630
22	KXMR-21	"А-15 Гүлістан"-Мырзакент кентіне кіре беріс	0-1,850	1,850
23	KXMR-22	KX-100-Мырзатөбе-Ынталы	0-4,8	4,8
24	KXMR-23	KX-100 Қалшораев ауылына кіреберіс	0-5	5
25	KXMR-24	KX-100-Арайлы-Өнімкер-Ынталы	0-8,5	8,5
Мақтаарал ауданының аудандық маңызы бар автомобиль жолдары бойынша барлығы:				62,6

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК